ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 20 маусым Іс №7119-24-00-2/7078 Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.Б. Есибаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Чикинаев» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Чикинаев» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Чикинаев» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Чикинаев» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге

құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **К.Б.Есибаев**

Документ подписан: Есибаев К. Б., 20.06.2024

Дата вступления в законную силу: 30.07.2024, Судья Бакишев А. Б., 02.08.2024

7119-24-3-1/6449